

«КАЗКОММЕРЦ СЕКЬЮРИТИЗ» АҚ

«Казкоммерц Секьюритиз» АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
б е к і т і л д і
(2019 жылғы «12» ақпанның
№ 3 сырттай дауыс беру хаттамасы)

2019 жылғы «13» ақпаннан бастап
қолданысқа енгізілді

« Казкоммерц Секьюритиз» А Қ - да инсайдерлік ақпаратқа иелік етуді және пайдалануды ішкі бақылау Е Р Е Ж Е Л Е Р І

Өзірлеуші:

Құқықтық қамтамасыз ету департаменті

Салыкбаева З.С. _____

Алматы қаласы

2019 жыл

«Казкоммерц Секьюритиз» АҚ инсайдерлік ақпаратына иелік етуді және пайдалануды ішкі бақылау жөніндегі осы ережелер (бұдан әрі – Ережелер) Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Казкоммерц Секьюритиз» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді және Қоғамның және Қоғам инсайдері болып мойындалған басқа заңды тұлғалардың инсайдерлік ақпаратына иелік етуді және пайдалануды бақылау тәртібін, инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі мен шарттарын, инсайдерлердің тізімін жүргізу тәртібін, инсайдерлер үшін белгіленген шектеулерді, сондай-ақ инсайдерлік ақпаратты таратқаны үшін жауапкершілікті белгілейді.

1. Жалпы қағидалар

1. Осы Ережелердің мақсаты болып Қоғамның Қазақстан Республикасының инсайдерлік ақпаратты пайдалануға қатысты нормаларын ұстануын, сондай-ақ іскерлік беделінің деңгейін арттыру, корпоративтік басқарудың жоғары дәрежесін қолдау, Қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз ету табылады.
2. Осы Ережелердің талаптарының орындалуын бақылау мен жауапкершілік инсайдерлік ақпаратты иеленуші болып табылатын бөлімшеге және (немесе) үшінші тұлғалармен арада Қоғамның инсайдерлік ақпаратын ашу қарастырылатын азаматтық-құқықтық қатынастарды орнату үшін тәуелді бөлімшеге, сондай-ақ аталған бөлімшелерге жетекшілік ететін Қоғам Басқарамасының мүшелеріне жүктеледі.
3. Осы Ережелердің аясында бөлімшелердің қызметін үйлестіретін, сондай-ақ инсайдерлік ақпаратқа иелік ету мен пайдалануға қатысты Қоғамның Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындауына бақылау жүргізетін бөлімше болып комплаенс-бақылау қызметі табылады.

2. Негізгі анықтамалар

4. Осы Ережелерде пайдаланылатын негізгі анықтамалар:
 - 1) инсайдер – инсайдерлік ақпаратқа қолжетімдігі бар тұлға. Қоғамның инсайдері болып осы Ережелерге сәйкес анықталатын инсайдерлік ақпаратқа қолжетімдігі бар тұлға мойындалады. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа тұлғаға қатысты инсайдері болып мойындалған жағдайда өзінің қызмет бабына және еңбек міндеттеріне сәйкес Қоғам инсайдері болып мойындалған басқа тұлғаның инсайдерлік ақпаратына қолжетімдік алған Қоғамның қызметкері осы тұлғаның да инсайдері болып мойындалады;
 - 2) инсайдерлік ақпарат – Қоғамның немесе Қоғам инсайдері болып мойындалған басқа тұлғаның бағалы қағаздары (туынды қаржы құралдары) туралы, олармен арадағы мәмілелері туралы, сондай-ақ үшінші тұлғаларға беймәлім, ашқан жағдайда Қоғамның бағалы қағаздарының (туынды қаржы құралдарының) құнын өзгертуі және Қоғамның қызметіне әсер етуі мүмкін коммерциялық құпияны құрайтын қызметті олар үшін іске асыратын Қоғам туралы расталған ақпарат;

- 3) инсайдерлердің тізімі:
Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қолжетімдігі бар тұлғалардың тізімі;
Қоғам инсайдері болып мойындалған инсайдерлік ақпаратқа қолжетімдігі бар
Қоғам қызметкерлерінің тізімі
- 4) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі.

3. Инсайдерлік ақпарат

5. Қоғамның инсайдерлік ақпаратына мынадай ақпарат жатады:
 - 1) Қоғамның қаржы есептемесі және Қоғамның аудиторлық есептері;
 - 2) Қоғамның қаржы жағдайына байланысты қаржы есептемесінен басқа мәліметтер, соның ішінде өзіндік капиталдың жеткіліктілігі коэффициентін есептеу туралы мәліметтер, Қоғамның пруденциялық нормативтері туралы мәліметтер;
 - 3) жылдың қорытындылары бойынша Қоғам Басқармасының мүшелеріне берілетін сыйақының жиынтық мөлшері туралы ақпарат;
 - 4) енгізілген өзгертулерді және (немесе) толықтыруларды ескере отырып, Қоғамның эмиссиялық бағалы қағаздарын шығару проспекті;
 - 7) Қоғамның акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есеп;
 - 8) «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының заңында белгіленгендей, Қоғамның корпоративтік оқиғалары туралы ақпарат.
6. Ақпарат туындаған сәттен бастап және Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) осы Ережелерге сәйкес шектелмеген тұлғалар ортасына ашқан сәтке дейін инсайдерлік болып табылады.

4. Қоғамның инсайдерлері

7. Қоғамның инсайдерлері болып мойындалады:
 - 1) атқарымдық міндеттері мен өкілеттіктеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа тұрақты негізде қолжетімдігі бар Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері. Олардың қатарына кіреді:

Директорлар кеңесінің мүшелері, Басқарманың мүшелері, бас есепші және есеп бөлімінің барлық қызметкерлері, тәуекелдерді басқару департаментінің директоры, комплаенс-бақылау қызметінің директоры, ішкі аудит бөлімінің басшысы, мынадай департаменттердің жетекшілері мен қызметкерлері: құқықтық қамтамасыз ету департаментінің, адам ресурстары және әкімшілік қызмет департаментінің, бизнесті дамыту департаментінің, сауда қарым-қатынастары департаментінің, инвестициялық банкинг департаментінің, қаржы құралдарымен жасалған операциялар бойынша есеп айырысу департаментінің, активтерді басқару департаментінің, басқарылатын активтерді есепке алу департаменті, ақпараттық технологиялар департаменті,

аналитика департаменті;

- 2) Қоғамның дауыс беретін акцияларының он немесе одан артық пайызын тікелей немесе жанама иелік етуіне, пайдалануына және (немесе) билік етуіне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қолжетімдігі бар тұлғалар;
- 3) аудиторлық ұйым, бағалаушы, бағалы қағаздар нарығына кәсіптік қатысушылар және инсайдерлік ақпаратты ашу қарастырылған жасалған Шартқа (соның ішінде ауызша) сәйкес Қоғамға қызметтер көрсететін өзге тұлғалар;
- 4) өздерінің атқарымдарына және өкілеттіктеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қолжетімдігі бар уәкілетті органның қызметкерлері, мемлекеттік қызметкерлер;
- 5) осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген эмитенттер мен ұйымдар мүшелері болып табылатын, өздерінің өкілеттіктеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қолжетімдігі бар қоғамдық бірлестіктер мен кәсіптік ұйымдар;
- 6) осы тармақтың 2), 3) және 5) тармақшаларында көрсетілген, қызмет бабына және еңбек міндеттеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қолжетімдігі бар ұйымдардың қызметкерлері;
- 7) осы тармақтың 1) - 6) тармақшаларында көрсетілген тұлғалардан инсайдерлік ақпарат алған тұлғалар.

5. Қоғам инсайдерлерінің тізімін жүргізу

8. Қоғам мен ол шығарған бағалы қағаздар туралы инсайдерлік ақпаратқа иелік етуді және пайдалануды бақылауды қамтамасыз ету мақсатында Қоғам осы Ережелердің 7-тармағының 1) – 3) тармақшаларында көрсетілген тұлғалардың тізімін (бұдан әрі – Қоғамның инсайдерлерінің тізімі) осы Ережелердің 1-қосымшасында қарастырылған нысандар бойынша жүргізеді және өзекті күйінде ұстайды.
9. Қоғам осы Ережелердің 2 және 3 қосымшаларында қарастырылған нысандар бойынша тиісті хабарламаларды (бұдан әрі – хабарлама) жіберу арқылы инсайдерлерге оларды инсайдерлер тізіміне кіргізетіні (тізімнен шығаратыны) туралы, инсайдерлік ақпаратқа иелік етуге және пайдалануға қатысты «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңының және осы ережелердің талаптары туралы хабарлайды.
10. Қоғамның инсайдерлерінің тізімін жүргізу үшін, оны өзекті күйде ұстау үшін, Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қолжетімдік алған тұлғаларға олар инсайдерлердің тізіміне кіргізілетіні (тізімнен шығарылатыны) туралы хабарлау үшін, инсайдерлерге Қазақстан Республикасының заңнамасының және осы Ережелердің талаптары туралы хабарлау үшін комплаенс-бақылау қызметі жауапты болып табылады.
11. Осы Ережелердің 7-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген тұлғаларды (Директорлар кеңесінің мүшелерінен басқа) Қоғамның инсайдерлерінің тізіміне

- кіргізу (тізімнен шығару) мақсатында адам ресурстары және әкімшілік қызмет департаментінің директоры Басқарма мүшелері тағайындалған / өкілеттігі аяқталған күннен бастап, осы Ережелердің 7-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген бөлімшелердің қызметкерлері жұмысқа қабылданған / жұмыстан босатылған / ауыстырылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде комплаенс-бақылау қызметіне қызметтік жазба жолдайды. Қызметтік жазба тұлғаның Т.А.Ә., туған күні мен жылы, лауазымы (бөлімшені көрсету арқылы), Басқарма мүшелерінің тағайындалған / өкілеттігі аяқталған күн, Қоғамның қызметкерлері жұмысқа қабылданған / жұмыстан босатылған / ауыстырылған күн көрсетіледі.
12. Қоғамның инсайдерлерінің тізіміне Директорлар кеңесінің мүшелерін, сондай-ақ осы Ережелердің 7-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген тұлғаларды кіргізу (тізімнен шығару) мақсатында құқықтық қамтамасыз ету департаментінің директоры Директорлар кеңесінің мүшелері сайланған / өкілеттігі аяқталған күннен бастап / Қоғамның дауыс беретін акцияларының он немесе одан артық пайызын тікелей немесе жанама иеленетін тұлғалардың құрамы өзгерген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде комплаенс-бақылау қызметіне қызметтік жазбаны жолдайды. Қызметтік жазбада (i) Директорлар кеңесіне қатысты: Директорлар кеңесінің мүшесінің толық Т.А.Ә., электрондық поштасының мекен-жайы, туған күні мен жылы, лауазымы, Директорлар кеңесінің мүшелері сайланған / өкілеттігі аяқталған күн көрсетіледі; (ii) Қоғамның дауыс беретін акцияларының он немесе одан артық пайызын тікелей немесе жанама иеленетін тұлғаларға қатысты: Қоғамның дауыс беретін акцияларының он немесе одан артық пайызын тікелей немесе жанама иеленетін тұлғаның атауы / Т.А.Ә., электрондық поштасының мекен-жайы, мемлекеттік (қайта) тіркеу күні мен нөмірі / туған күні мен жылы, заңды мекен-жайы, Қоғамның инсайдерлерінің тізіміне кіргізу негіздемесі көрсетіледі.
13. Осы Ережелердің 7-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген тұлғаларды Қоғамның инсайдерлерінің тізіміне кіргізу (тізімнен шығару) мақсатында осы Ережелердің 7-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген тұлғалармен азаматтық-құқықтық қатынастарды орнату үшін жауапты бөлімшенің жетекшісі аталған тұлғаларға инсайдерлік ақпаратқа қолжетімдік берілген / қолжетімдік құқығы тоқтатылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде, не болмаса аталған тұлғалар Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қолжетімдік алған сәттен бастап дереу комплаенс-бақылау қызметіне оларды Қоғамның инсайдерлерінің тізіміне кіргізу қажеттілігі туралы қызметтік жазбаны ұсынады. Қызметтік жазбада заңды тұлғаның толық атауы, электрондық поштасының мекен-жайы, мемлекеттік (қайта) тіркеу күні мен нөмірі, заңды мекен-жайы, инсайдерлер тізіміне кіргізу негіздемесі және Шарт жасалған күн (егер қызметтік жазба жолданған сәтте мұндай тұлғамен Шарт жасалған болса).
14. Қоғамның инсайдерлерінің тізімін комплаенс-бақылау қызметі әр тоқсанның бірінші күні тоқсан сайын құрастырады және оған Қоғам Басқармасының Төрағасы қол қояды.
15. Тиісті күнтізбелік жылдың 01.01. және 01.07 күйі бойынша құрастырылған Қоғамның инсайдерлерінің тізімі аталған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Қоғамның Директорлар кеңесінің қарастыруына шығарылады.

16. Осы Ережелердің 7-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген тұлғаларды инсайдерлер тізіміне кіргізу туралы хабарламаны мұндай тұлғаларға комплаенс-бақылау қызметі осы Ережелердің 11 – 12 тармақтарына сәйкес бөлімшелерден қызметтік жазба алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, комплаенс-бақылау қызметіне мәлім осы тұлғалардың электрондық поштасына жолдайды.

Хабарламаны алған қоғамның қызметкерлері оны басып шығаруға, қол қоюға және хабарламаның түпнұсқасын оны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде комплаенс-бақылау қызметіне қайтаруға міндетті. Директорлар кеңесінің мүшелері қол қойылған хабарламаны оны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде комплаенс-бақылау қызметіне жолдайды.

17. Осы Ережелердің 7-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген тұлғаларға олар инсайдерлер тізімінен шығарылатыны туралы мынадай тәртіпте хабарланады:

Қоғамның қызметкерлеріне хабарламаны адам ресурстары және әкімшілік қызмет департаменті еңбек шартын бұзу туралы бұйрықпен бірге ұсынады. Қызметкер еңбек шартын бұзу туралы бұйрықпен танысу үшін қандай да бір себептермен келмеген жағдайда мұндай қызметкерді Қоғамның инсайдерлер тізімінен шығару туралы хабарламаны комплаенс-бақылау қызметі осы қызметкер жұмысқа қабылданған кезде көрсеткен мекен-жайына хатпен жолдайды;

Директорлар кеңесінің мүшелеріне хабарламаны комплаенс-бақылау қызметі өзіне мәлім осы тұлғалардың электрондық поштасының мекен-жайына жолдайды. Директорлар кеңесінің мүшелері қол қойылған хабарламаны оны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде комплаенс-бақылау қызметіне жолдайды. Хабарлама жолданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Директорлар кеңесінен қол қойылған хабарламаның түпнұсқасы жолданбаған жағдайда Директорлар кеңесінің мүшесін Қоғамның инсайдерлерінің тізімінен шығару туралы хабарламаны комплаенс-бақылау қызметіне мәлім осы Директорлар кеңесінің мүшесінің пошталық мекен-жайына хатпен жолдайды.

18. Осы Ережелердің 7-тармағының 2) – 3), 7) тармақшаларында көрсетілген тұлғаларды Қоғамның инсайдерлерінің тізіміне кіргізу немесе тізімнен шығару туралы хабарламаны комплаенс-бақылау қызметі осы тұлғалардың электрондық мекен-жайларына немесе пошталық мекен-жайларына олардың хабарламаны алғанын растауға мүмкіндік беретін әдіспен, осы Ережелердің 12 – 13 тармақтарына сәйкес бөлімшелерден қызметтік жазбаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жолдайды.

19. Қоғамның инсайдерлерінің тізіміндегі тұлғаларға хабарлау күндері болып табылады:

Қоғамның қызметкерлеріне қатысты – еңбек шарты бұзылған күн;

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне қатысты – Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде өкілеттігі аяқталған күні;

осы Ережелердің 7-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген тұлғаға қатысты – тұлға Қоғамның дауыс беретін акцияларының он немесе одан артық пайызын иеленуді, пайдалануды және (немесе) билік етуді тоқтатқан күні;

осы Ережелердің 7-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген тұлғаға қатысты – осы тұлғалармен арадағы Шарт тоқтатылған күні.

20. Қоғамның инсайдерлерінің тізіміне мынадай тұлғалардың қолжетімдігі бар: Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері, тәуекелдерді басқару департаментінің директоры, ішкі аудит бөлімінің басшысы, құқықтық қамтамасыз ету департаментінің директоры, комплаенс-бақылау қызметінің директорымен келісу бойынша өзге бөлімшелер.
21. Қоғам уәкілетті органға оның талабы бойынша Қоғамның инсайдерлерінің тізімін беруге міндетті.
22. Осы Ережелердің 7-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген, Қоғамның инсайдерлерінің тізімінен шығарылған инсайдерлер туралы мәліметтер комплаенс-бақылау қызметі осы Ережелердің 1-қосымшасында қарастырылған нысан бойынша жүргізетін жеке тізімде келтіріледі және олар инсайдерлер тізімінен шығарылған күннен бастап 5 (бес) жыл ішінде сақталады.
23. Осы Ережелердің 7-тармағының 2) – 3) тармақшаларында көрсетілген Қоғамның инсайдерлері өзінің қызметтік бабына және еңбек міндеттеріне сәйкес Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қолжетімдігі бар қызметкерлерінің тізімін Қоғамнан сауал алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Қоғамға ұсынуға міндетті.

6. Инсайдерлік ақпаратқа иелік етуді және пайдалануды бақылау

24. Инсайдерлер құқылы емес:
 - 1) бағалы қағаздармен және өзге қаржы құралдарымен мәмілелер жасасқан кезде инсайдерлік ақпаратты пайдалануға;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылған жағдайларды ескермегенде, инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға табыстауға немесе үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етуге;
 - 3) инсайдерлік ақпаратқа негізделген бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді жасасу туралы ұсынымдарды немесе ұсыныстарды үшінші тұлғаларға табыстауға.
25. Инсайдерлер өзінің қызметтік міндеттерін орындау үшін мұндай ақпарат талап етілмейтін үшінші тұлғалардың және өзінің қызметкерлерінің тарапынан инсайдерлік ақпаратқа қолжетімдікті шектеу үшін қажетті шараларды қабылдауға міндетті. Еңбек шарты бұзылуына / Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде өкілеттіктері тоқтатылуына / азаматтық-құқықтық шарттың әрекеті тоқтатылуына байланысты инсайдерлер тізімінен шығарылуы тиіс инсайдерлер өзіне мәлім инсайдерлік ақпаратқа қатысты құпиялылықты еңбек шарты бұзылған / Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде өкілеттіктері тоқтатылған / азаматтық-құқықтық шарттың әрекеті тоқтатылған күннен бастап 5 (бес) жыл ішінде сақтауға міндетті.
26. Инсайдерлік ақпараттың ашылуына қауіп төнген кезде немесе инсайдерлік ақпарат ашылу факті анықталған кезде, не болмаса Қоғамның инсайдерлік ақпараты келтірілген құжаттар (ақпарат тасығыштар) жоғалғаны белгілі болған кезде

- инсайдер бұл туралы Қоғамға дереу хабарлауға міндетті, Қоғамның инсайдер-қызметкері бұл туралы өзінің тікелей жетекшісіне дереу хабарлайды, ал ол өз кезегінде комплаенс-бақылау қызметіне хабарлайды.
27. Инсайдерлік ақпаратқа қолжетімдігі бар Қоғамның қызметкерлері инсайдерлік қызметке қолжетімдігі жоқ тұлғалардың арасында инсайдерлік ақпаратты талқыламауы тиіс.
28. Осы Ережелердің 7-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген бөлімшелердің қызметкерлері:
- 1) еңбек шарты бұзылған кезде инсайдерлік ақпарат келтірілген барлық ақпарат тасығыштарын бөлімшенің жетекшісіне табыстауға міндетті;
 - 2) инсайдерлік ақпарат келтірілген құжаттар мен файлдардың жоғалғаны немесе жетпейтіндігі туралы, сейфтердің кілттері, рұқсатнамасы, құпия сөздер жоғалғаны туралы немесе инсайдерлік ақпаратқа рұқсатсыз қолжетімдік анықталғаны туралы өзінің тікелей жетекшісіне дереу хабарлауға міндетті.
29. Қоғам инсайдерлік ақпараттық құпиялылық тәртібінің орындалуы үшін қажет жағдайларды былайша қамтамасыз етеді:
- 1) жұмысқа қабылдаған кезде Қоғамның қызметкерлері қызметтік және коммерциялық құпияны таратпайтыны туралы міндеттемеге қол қояды;
 - 2) азаматтық-құқықтық шарттарға құпиялылық туралы шарттарды және осы шарттарды бұзғаны үшін жауапкершілікті қосады;
 - 3) ақпараттық жоғалуынан және рұқсат етілмеген қолжетімдіктен, соның ішінде байланыс арналары бойынша қолжетімдіктен қорғаудың ақпараттық-техникалық жүйелері мен құралдары бар.
30. Осы Ережелердің 7-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген бөлімшелердің жетекшілері инсайдерлік ақпаратқа иелік етуге және пайдалануға мынадай жолдармен бақылау жүргізеді:
- 1) өздері жетекшілік ететін бөлімшелердің Қазақстан Республикасының инсайдерлік ақпарат бойынша заңнамасының талаптарын, осы Ережелердің 24 – 28 тармақтарының талаптарын орындауына мониторинг жүргізу;
 - 2) өз бөлімшесінің қызметінің бағыты бойынша инсайдерлік ақпаратты ашудың Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіптері мен мерзімдерін ұстануы;
 - 3) комплаенс-бақылау қызметімен бірлесіп, Қоғамның Басқармасына инсайдерлік ақпаратқа заңға қайшы қолжетімдік немесе пайдалану үшін мүмкіндіктерді анықтау туралы мәселені қарастыруға ұсыну.
31. Инсайдерлік ақпаратқа заңға қайшы қолжетімдік немесе оны бағалы қағаздармен мәмілелер жасасу мақсатында пайдалану фактілері анықталған жағдайда осы Ережелердің 7-тармағының 1) тармақшаларында көрсетілген бөлімшелердің жетекшілері бұл ақпаратты комплаенс-бақылау қызметіне және Қоғамның Басқармасына бұзушыға қатысты тәртіптік немесе азаматтық-құқықтық шараларды қолдану үшін жеткізеді.

7. Инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі

32. Бағалы қағаздар нарығында ақпаратты ашу дегеніміз осы ақпаратты алу мақсаттарына қарамастан, оның Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес барлық мүдделі тұлғаларға қолжетімдігін білдіреді.
33. Инсайдерлік ақпаратты Қоғам қаржылық есептеме депозитарийінің ғаламтор-ресурсына және қор биржасының ғаламтор-ресурсына Қазақстан Республикасының заңнамасының және қор биржасының ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялау арқылы ашады.
34. Қоғамның ақпаратты ашу тәртібі, Қоғам ашуы тиіс ақпараттың мазмұнына қойылатын талаптар, сондай-ақ қаржылық есептеме депозитарийінің ғаламтор-ресурсында ақпаратты ашу мерзімдері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген. Қоғамның ақпаратты ашу тәртібі, ашылуы тиіс ақпараттың мазмұнына қойылатын талаптар, сондай-ақ қор биржасының ғаламтор-ресурсында ақпаратты ашу мерзімдері қор биржасының ішкі құжаттарында белгіленеді.

8. Қоғам инсайдерлері болып мойындалатын тұлғалармен Қоғамның өзара әрекеттесу тәртібі

35. Қоғам жасалған Шартқа сәйкес бағалы қағаздар нарығына кәсіптік қатысушы ретінде қызметтер көрсететін тұлғаларға қатысты Қоғам инсайдер болып мойындалады.
36. Өзінің қызмет бабы мен еңбек міндеттеріне байланысты Қоғам инсайдері болып мойындалған тұлғалардың инсайдерлік ақпаратына қолжетімдігі бар Қоғамның Қызметкерлері де аталған тұлғалардың инсайдерлері болып табылады.
37. Қоғам инсайдері болып мойындалған тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Қоғам мен оның қызметкерлерінің қолжетімдігі бар инсайдерлік ақпаратқа иелік ету және пайдалануды бақылауды өз бетінше қамтамасыз етеді.
38. Осы Ережелердің 23-тармағында қарастырылған негіздемелер бойынша Қоғам инсайдері болып мойындалған жағдайларда Қоғамға оны инсайдер деп мойындау және инсайдерлердің тізіміне кіргізу үшін жауапкершілік осы Ережелердің 35-тармағында көрсетілген тұлғаларға жүктеледі. Қоғам инсайдері болып мойындалатын тұлғаның инсайдерлерінің тізіміне өзін кіргізу туралы хабарламаны Қоғам алмаған жағдайда Қоғам инсайдерлік болып мойындалуы мүмкін ақпараттың таралуы үшін Қоғам жауапкершілік тартпайды.
39. Қоғамны инсайдер деп мойындау және Қоғам үшін инсайдерлік ақпараты қолжетімді тұлғалардың инсайдерлерінің тізіміне енгізу туралы хабарламаны алған кезде Қоғам:
 - 1) қызметтік бабына және еңбек міндеттемелеріне байланысты аталған тұлғалардың инсайдерлік ақпаратына қолжетімдігі бар өзінің қызметкерлерінің тізімін жүргізуге міндетті;

- 2) Қоғам инсайдері болып табылатын тұлғалардың инсайдерлік ақпаратына тыйым салуға қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасының және осы Ережелердің талаптары туралы өз қызметкерлеріне хабарлауға міндетті;
 - 3) Қоғам инсайдері болып табылатын тұлғаларға өзінің қызметтік бабына және еңбек міндеттемелеріне байланысты аталған тұлғалардың инсайдерлік ақпаратына қолжетімдігі бар өзінің қызметкерлері туралы осы Ережелердің 42-тармағында көрсетілген тәртіпте және мерзімдерде хабарлауға міндетті.
40. Осы Ережелердің 35-тармағында көрсетілген тұлғалардың инсайдерлік ақпаратына қолжетімдігі бар Қоғамның қызметкерлерінің тізімін комплаенс-бақылау қызметі жүргізеді.
41. Осы Ережелердің 4-тармағын іске асыру мақсатында бизнесті дамыту департаментінің, инвестициялық банкинг департаментінің, сауда қарым-қатынастары департаментінің, активтерді басқару департаментінің, аналитика департаментінің жетекшілері Қоғамды өзінің инсайдері деп мойындау туралы хабарлама жіберген тұлғаның инсайдерлік ақпаратына өзінің қызметтік бабы мен еңбек міндеттеріне байланысты қолжетімдігі бар аталған бөлімшелердің қызметкерлері туралы ақпарат келтірілген қызметтік жазбаны комплаенс-бақылау қызметіне золдауға міндетті. Қоғамды өзінің инсайдері деп мойындау туралы хабарлама жіберген тұлғаның инсайдерлік ақпаратына өзінің қызметтік бабы мен еңбек міндеттеріне байланысты қолжетімдігі бар жоғарыда аталған бөлімшелердің қызметкерлері туралы ақпаратты бөлімшелердің жетекшілері тоқсан сайын өзекті қылады және есептік тоқсаннан кейінгі айдың 5 (бесінші) күнінен кешіктірмей, комплаенс-бақылау қызметіне ұсынады. Бөлімшелердің жетекшілері жолдаған ақпараттың негізінде комплаенс-бақылау қызметі Қоғам инсайдері болып мойындалған тұлғаның инсайдерлерінің тізімін күнтізбелік жылдың әрбір есептік тоқсанының бірінші күнгі күйі бойынша қалыптастырады.
42. Қоғамды өзінің инсайдері деп мойындаған тұлғадан оның инсайдерлік ақпаратына өзінің қызметтік бабы мен еңбек міндеттеріне байланысты қолжетімдігі бар Қоғамның қызметкерлерінің тізімін ұсыну туралы жазбаша сауал келіп түскен жағдайда осындай тұлғамен арадағы іскерлік қатынастар үшін жауап беретін мүдделі бөлімше комплаенс-бақылау қызметіне осындай тізімді ұсыну туралы жазбаша сауал жолдайды. Комплаенс-бақылау қызметі мүдделі бөлімшенің жетекшісіне тізімді Microsoft Outlook арқылы жолдайды. Мүдделі бөлімше Қоғамды өзінің инсайдері деп мойындаған тұлғаның сауалына қатысты жауапты өз бетінше дайындайды және жолданым иесіне сауалда көрсетілген мерзім ішінде жолдайды.
43. Қоғамды өзінің инсайдері деп мойындаған тұлғаның инсайдерлерінің тізімінен Қоғамның бөлімшелерінің қызметкерлерін шығару Қоғам өзін инсайдерлер тізімінен шығарылатыны туралы хабарлама алған жағдайда немесе Қоғам инсайдері болып мойындалған тұлға мен Қоғамның арадағы шарттық қатынастар тоқтаған жағдайда іске асырылады, бұл туралы комплаенс-бақылау қызметі осы Ережелердің 41-тармағында көрсетілген Қоғамның бөлімшелеріне 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабарлауға міндетті.

9. Қорытынды қағидалар

44. Осы Ережелерде көрсетілген шектеулерді орындамаған жағдайда, инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланған және таратқан жағдайда бұзушылыққа жол бермген тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтық-құқықтық, әкімшілік және өзге жауапкершілікке тартылады. Қоғамның қызметкерлері болып табылатын инсайдерлер де Қазақстан республикасының еңбек заңнамасына сәйкес тәртіптік жауапкершілікке тартылуы мүмкін.
45. Осы Ережелерге барлық өзгертулер мен толықтырулар Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша енгізіледі.
46. Осы Ережелермен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес реттеледі.

«Казкоммерц Секьюритиз» АҚ-да инсайдерлік ақпаратқа иелік етуді және пайдалануды ішкі бақылау ережелеріне
1-қосымша

Заңды тұлғалар үшін инсайдерлердің тізімінің нысаны

«___» _____ ж. (тізім құрастырылған күн)

№	Заңды тұлғаның толық атауы	Мемлекеттік қайта (тіркеу) күні мен нөмірі	Заңды тұлғаның орналасқан орны (заңды және нақты мекен-жайлары)	Тізімге кіргізу негіздемесі	Тізімге кіргізу үшін негіздеме туындаған күн	Тізімнен шығарылған күн

Жеке тұлғалар үшін инсайдерлердің тізімінің нысаны

«___» _____ ж. (тізім құрастырылған күн)

№	Тегі, аты, әкесінің аты (толық)	Туған күні мен жылы	Лауазымы (бөлімшесі)	Тізімге кіргізу үшін негіздеме

Инсайдерлер тізімінен шығарылған инсайдерлер туралы мәліметтердің нысаны

« ____ » _____ ж. (тізім құрастырылған күн)

№	Тегі, аты, әкесінің аты (толық)	Туған күні мен жылы	Лауазымы (бөлімшесі)	Тұлға бұрын тізімге кіргізілген негіздеме	Тізімнен шығару үшін негіздеме	Тізімнен шығарылған күн

«Казкоммерц Секьюритиз» АҚ-да инсайдерлік ақпаратқа иелік етуді және пайдалануды ішкі бақылау ережелеріне
2-қосымша

**«Казкоммерц Секьюритиз» АҚ
инсайдерлерінің тізіміне кіргізу туралы хабарлама**

хабарлама жолданған күн:

« ____ » _____ 20 ____ ж.

Сіз «Казкоммерц Секьюритиз» АҚ-н (бұдан әрі – Қоғам) инсайдерлік ақпаратына қолжетімдігіңіз болғандықтан, Сіз Қазақстан Республикасының заңнамасының және «Казкоммерц Секьюритиз» АҚ-да инсайдерлік ақпаратқа иелік етуді және пайдалануды ішкі бақылау ережелеріне (бұдан әрі – Ережелер) сәйкес Сіз Қоғамның инсайдерлерінің тізіміне кіргізілдіңіз.

Инсайдерлік ақпаратқа қолжетімдігіңіз тоқатаған кезде Сіз Банктің инсайдерлерінің тізімінен шығарылатын боласыз, бұл туралы Сізге жазбаша түрде хабарланатын болады.

Қоғамның инсайдерлік ақпаратының тізбесі Ережелердің 3-тарауында келтірілген, Сіз олармен Қоғамның www.kazks.kz ғаламтор-ресурсында таныса аласыз.

Инсайдерлік ақпаратты пайдалануға қатысты шектеулер.

Қоғамның инсайдері бола тұра, Сіз құылы емессіз:

1) бағалы қағаздармен және өзге қаржы құралдарымен мәмілелер жасасқан кезде инсайдерлік ақпаратты (туынды қаржы құралдарымен) пайдалануға;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылған жағдайларды ескермегенде, инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға табыстауға немесе үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етуге;

3) инсайдерлік ақпаратқа негізделген бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді жасасу туралы ұсынымдарды немесе ұсыныстарды үшінші тұлғаларға табыстауға.

Құпиялылықты сақтау туралы міндеттеме.

Сіз қазір және болашақта иелік ететін инсайдерлік ақпарат қатаң құпия ақпарат болып табылады және үшінші тұлғаларға ашылмауы тиіс. Сіз уәкілдік берілмеген тұлғалардың инсайдерлік ақпаратқа қолжетімдігін шектеу бойынша барлық қолжетімді шараларды қабылдауға тиіссіз.

Инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану үшін жауапкершілік.

Жоғарыда көрсетілген шектеулерді ұстанбаған жағдайда, инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланған және таратқан жағдайда Сіз Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған азаматтық-құқықтық, әкімшілік және өзге жауапкершілікке тартылуыңыз мүмкін, сондай-ақ егер Сіз Қоғамның қызметкері болсаңыз, онда Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес Сізге қатысты тәртіптік жаза қолданылуы мүмкін.

Осы хабарламаға қол қою арқылы Сіз инсайдерлерге қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жоғарыда аталған шектеулер қабылданатынын, сондай-ақ инсайдерлік ақпаратты таратпау туралы жоғарыда аталған міндеттемелерді қабылдайтыныңызды және инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану немесе тарату үшін қолданылатын жазалау шараларымен танысқаныңызды растайсыз.

Осы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде оған қол қойып, оны Қоғамға қайтаруыңызды сұраймыз.

Осы хабарламаға қол қою арқылы «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес мен өзімнің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге, соның ішінде, бірақ шектелмей, менің дербес деректерімді Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, қор биржасының ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес уәкілетті органдарға ұсынуға келісімімді беремін.

Жеке тұлғаның қолы:

_____ (Толық Т.А.Ә.) _____

Заңды тұлғаның атауы:

Заңды тұлғаның атынан:

_____ (лауазымы) _____ (Толық Т.А.Ә.)

_____ (қолы)

«Казкоммерц Секьюритиз» АҚ-да инсайдерлік ақпаратқа иелік етуді және пайдалануды ішкі бақылау ережелеріне
3-қосымша

Тұлғаны «Казкоммерц Секьюритиз» АҚ инсайдерлерінің тізімінен шығару туралы хабарлама

хабарлама жолданған күн:

« _____ » _____ 20 _____ ж.

Бұрын Сіздің «Казкоммерц Секьюритиз» АҚ-ң (бұдан әрі – Қоғам) инсайдерлік ақпаратына қолжетімдігіңіз болды және Қазақстан Республикасының заңнамасының және «Казкоммерц Секьюритиз» АҚ-да инсайдерлік ақпаратқа иелік етуді және пайдалануды ішкі бақылау ережелеріне Сіз Қоғамның инсайдерлерінің тізіміне кіргізілген болатынсыз.

Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қолжетімдігіңіз тоқтауына байланысты Сіз Қоғамның инсайдерлерінің тізімінен шығарылдыңыз.

Құпиялылықты сақтау туралы міндеттеме.

Сіз үшін қолжетімді болған инсайдерлік ақпарат қатаң құпия ақпарат болып табылады және Сіз Қоғамның инсайдерлерінің тізімінен шығарылған күннен бастап 5 (бес) жыл ішінде ашылмауы тиіс.

Инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану үшін жауапкершілік.

Жоғарыда көрсетілген шектеулерді ұстанбаған жағдайда, инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланған және таратқан жағдайда Сіз Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған азаматтық-құқықтық, әкімшілік және өзге жауапкершілікке тартылуыңыз мүмкін.

Осы хабарламаға қол қою арқылы Сіз инсайдерлерге қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жоғарыда аталған шектеулер қабылданатынын, сондай-ақ инсайдерлік ақпаратты таратпау туралы жоғарыда аталған міндеттемелерді қабылдайтыныңызды және инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану немесе тарату үшін қолданылатын жазалау шараларымен танысқаныңызды растайсыз.

Осы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде оған қол қойып, оны Қоғамға қайтаруыңызды сұраймыз.

Жеке тұлға:

_____ (Толық Т.А.Ә.) _____

Занды тұлғаның атауы:

Занды тұлғаның атынан:

«Казкоммерц Секьюритиз» АҚ-да инсайдерлік ақпаратқа иелік етуді және пайдалануды ішкі бақылау ережелері

_____ (лауазымы)

_____ (Толық Т.А.Ө.)

_____ (қолы)